

**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
№ 5 қалалық емханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

2025 ж. «12» мамыр

1. Талдау анықтамасының мәні: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау.

1.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүргізу үшін негіздеме: «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-ның (әрі қарай мәтін бойынша - Кәсіпорын) 2025 жылдың «26» наурыздағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №186-Ө бұйрығы.

1.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі: емхана бөлімдері.

1.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты: Мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылаушы-қадағалаушы функцияларды жүзеге асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтен туындайтын басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылғы «27» наурыздан 2025 жылғы «12» мамырға дейінгі аралық.

1.6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау үшін ақпарат көздері:

1. Кәсіпорынның қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар (Жарғы, Кәсіпорынның бөлімшелері туралы ережелер, нұсқаулықтар, өзге де нормативтік құқықтық актілер);

2. Кәсіпорынның қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептіліктер;

3. Кәсіпорынның қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;

4. Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

6. СЖТІТ бойынша жүргізген нәтижелер;

7. Кәсіпорын қызметкерлерінен сұрастыру нәтижелері.

2. Ақпараттық - талдау бөлімі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 5-тармағын орындау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудан келесі бағыттар өткізілді:

2.1. Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау;

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылаушы-қадағалаушы функцияларды жүзеге асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтен туындайтын басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау;

2.2. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуын талдау;

2.3. Қаржыландыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, бюджет қаражатын

және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау;

2.4. Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тыйымдарды бұзу;

2.5. Тәуекелдерді басқару жүйесін талдау.

Мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылаушы-қадағалаушы функцияларды жүзеге асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтің, персоналды басқару, қаржыландыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануы бойынша ішкі талдаудың мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауын зерделеу және анықтау болып табылады.

Талданатын кезең: 04.01.2024 ж. – 03.01.2025ж.

Құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Емхана қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алынады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 4) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 5) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 6) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы;
- 7) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы;
- 8) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-86 бұйрығы;
- 9) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы;
- 10) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде

медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығы;
11) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы;

12) «Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығы;

13) «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы;

14) «Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-103/2020 бұйрығы;

15) «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы;

16) «Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-213/2020 бұйрығы;

17) «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығы;

18) және басқалар.

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР қолданыстағы заңнамасын, кәсіпорын Жарғысын, ұжымдық шарттын, ережелерін және өзге де құқықтық актілерді басшылыққа алады. Аталған нормативтік – құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ. Емхананың қызметіне қатысты жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар белгіленбеген.

№	Сыбайлас жеңкөрілік тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жеңкөрілік тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жеңкөрілік тәуекелінің атауы	Сыбайлас жеңкөрілік тәуекелдерінің деңгейі	Сыбайлас жеңкөрілік тәуекелінің, бизнес- процестің сипаттамасы	Жою шаралары/ тәуекелдерді азайту
1.	Бас дәрігер	Кәсіпорынның өндірістік, қаржы- шаруашылық қызметін басқаруды жүзеге асыру, басқарушылық шешімдерді жеке- дара қабылдау, кәсіпорынның мүлкіне билік ету және пайдалану.	Қызметтік жағдайды жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жеңкөрілікке қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Жоғары	Кәсіпорынның өндірістік, қаржы- шаруашылық қызметін басқару мүмкіндігін жеке мақсатта пайдалану тәуекелі, басқарушылық шешімдерді жеке-дара қабылдау, кәсіпорынның мүлкіне билік ету және пайдалану.	Уәкілетті орган (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы), қала әкімдігі тарапынан бақылау, есептілік көзделген
2.	Бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің ұйымдастырылуын және тиімді өзара іс- қимылын жүзеге асыру, кәсіпорынның емдеу- диагностикалық қызметін жоспарлау бойынша, оның ішінде кәсіпорынның емдеу қызметін талдау мәселелері бойынша ұйымдастырушылық	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жеңкөрілікке қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі	Жоғары	Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелер қызметінің басшылық жағдайын жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі, кәсіпорынның емдеу- диагностикалық қызметін жоспарлау жөніндегі ұйымдық функцияны жеке мақсаттарда, оның ішінде кәсіпорынның емдеу қызметін талдау мәселелері бойынша	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген

	Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары	функцияны жүзеге асыру.	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Жоғары	пайдалану тәуекелі.	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген
3.	Бас дәрігердің медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары	Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметін, оның ішінде бала тууға көмек көрсету және балаларға медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша басқаруды жүзеге асыру.	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Жоғары	Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің басшылық қызметін жеке мақсатта, оның ішінде бала тууға көмек көрсету және балаларға медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша пайдалану тәуекелі.	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген
4.	Бас дәрігердің медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары	Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметін, оның ішінде халыққа медициналық көмек көрсету сапасы мәселелері бойынша басқаруды, оның ішінде науқастың қажеттіліктері мен шағымдарын шешуді жүзеге асыру.	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Жоғары	Басшылық қызметті жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі, өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелерді жеке мақсаттарда, оның ішінде халыққа медициналық көмек көрсету сапасы мәселелері бойынша пайдалану тәуекелі, науқастың қажеттіліктерімен шағымдарын шешу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау.	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген

5.	Бас дәрігердің мейіргер ісі жөніндегі орынбасары	Өз қарамағындағыларға, мейіргерлерге, басшылық функцияны жүзеге асыру, олардың жұмысын үйлестіру, бағыныштылардың өзара тиімді қарым-қатынасы мен өзара алмасуы міндеттерін шешу.	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Жоғары	Өз қарамағындағыларға, мейіргерлерге, басшылық функцияны пайдалану тәуекелі, олардың жұмысын жеке мақсатта үйлестіру, бағыныстылардың өзара іс-қимылы мен өзара алмасуы міндеттерін шешу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген
6.	Бас дәрігердің экономикалық мәселе және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары	Кәсіпорынның өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру және материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын, мүліктің сақталуын бақылау.	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі	Жоғары	Жеке байыту арқылы қызметтік жағдайды пайдалану қаупі. Лауазымдық жағдайын пайдалана отырып, материалдық құндылықтарды қабылдау жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген

7.	Бас бухгалтер	Қызметінің негізгі бағыттары: шаруашылық-қаржылық қызметтің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру және материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын, мүліктің сақталуын бақылау.	Қызметтік жағдайды пайдалану тәуекелі; Ережені жеке мақсаттарда пайдалану тәуекелі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі	Жоғары	Жеке байыту арқылы қызметтік жағдайды пайдалану қаупі. Лауазымдық жағдайын пайдалана отырып, материалдық құндылықтарды қабылдау жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау тәуекелі.	Емхана бас дәрігерінің, сондай-ақ уәкілетті органның (Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы) тарапынан бақылау, есептілік көзделген
----	---------------	--	--	--------	---	---

Мемлекеттік қызмет көрсету қызметі бойынша:

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес емхана 11 мемлекеттік қызмет көрсетеді, олардың ішінде:

1. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту
2. Дәрігердің қабылдауына жазылу
3. Дәрігерді үйге шақыру
4. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама
5. Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу
6. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерді стационарға емдеуге жатқызуға жолдамасын беру
7. Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру
8. Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақ
9. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама
10. Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту
11. Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама
12. Санаторий-курорттық емделуге мұқтаждығы туралы қорытынды
13. ҚР азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу мүмкіндігі туралы құжаттарды қабылдау және қарау

2024 жылдың басынан бастап дәрігердің қабылдауына жазылу – 413406, дәрігерді үйге шақыру қызметі – 43349, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу – 68936, АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексерілу – 0, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру – 229, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру – 13034, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру – 28181, алдын-ала міндетті медициналық қарап тексеруден өту – 33066. Көрсетілген медициналық қызмет түрлері АИС порталына тіркелген. Мемлекеттік қызмет көрсету қызметі бойынша Емхана қызметін реттейтін заңнамадағы сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу қызметі бойынша субординациялық,

этика-деонтология бұзу шаралары – 0. Бірақ медициналық қызметкерлер тарапынан дөрекілік таныту жағдайлары орын алған жоқ.

Медициналық қызметкерлер ЭЦҚ-сы арқылы <https://www.eisz.kz/> Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне, «ДамуМед» ақпараттық жүйесіне кіру жүзеге асырылады. Медициналық қызметкерлерді <https://www.eisz.kz/> Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде тіркеу талаптарға сай жүргізілген. Медициналық қызметкердің құпия ақпаратты жария етпеу, сонымен қатар ЭЦҚ басқа тұлғаларға бермеу жөніндегі міндеттемелері, жауапкершілігі түсіндіріліп, қызметкерлер келсімге (міндеттемеге) қол қойған.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңының 3-тарауы 10-бабы 2-тармағына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды заңды негізде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады.

Тұлға әртүрлі ақпараттық жүйелерге арналған электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттеріне ие бола алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Ішкі талдау жүргізу барысында кейбір қызметкерлердің ЭЦҚ-сын кәсіпорынның басқа мамандарына беру фактілері анықталған жоқ.

Науқастарды жоспарлы емдеуге жатқызу порталы арқылы арнайы медициналық көмек және жоғары медициналық көмек арқылы жолдау қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» № ҚР-ДСМ-27 бұйрығы қатаң сақталған. Науқас берілген тізім бойынша медициналық тексерілуден өтіп, жолданатын стационармен алдын-ала келісіліп, емдеуге жатқызу Бюросы порталы арқылы медициналық тексерілулер нәтижелері негізінде стационарға арнайы медициналық көмек және жоғары медициналық көмек арқылы (СМП, ВСМП) жіберілген.

Талдау жүргізу барысында - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерді стационарда емдеуге жатқызуға жолдамасын беру бойынша - 3740, оның ішінде 3 (үш) пациенттің кезектен алынып тастауы анықталды. Атап айтқанда: 1) науқас А.Д.Ешенкулова жоспарлы түрде Алматы қалалық ЖШҚКА (БСМП) ота жасауға кезекке қойылған, бірақ науқас отбасы жағдайына байланысты отадан бас тартқан; 2) науқас А.Санжар жоспарлы түрде «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығына кезекке қойылған, науқас отбасы жағдайына байланысты оңалтудан бас тартқан; 3) науқас М.Ш.Мамаев Алматы қалалық ЖШҚКА (БСМП) травматология бөліміне ота жасауға кезекке қойылған, алайда науқас кезегін күтпей ақылы түрде ота жасатқан.

Пациенттердің кезектен алынып тастауы – ерікті түрде бас тартулары салдарынан орын алған. Әр орын алған жайт бойынша дәлелдеме құжаттар, түсініктемелер бар. Нәтижесінде бұзушылықтар, пациентке және оның мүдделеріне қандай да бір залал келтіру, мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын әрекеттер орын алған жоқ. Емхана тарапынан алдын алу, болдырмау мүмкін емес. Өйткені, пациенттің шешімі мен қалауына

емхана ықпал ете алмайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі аясында берілетін тегін дәрі - дәрмектер берілуінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: әр жарты жылдыққа облыстық денсаулық сақтау басқармасына «Дәрілік формуляр» ұсынылып, бас дәрігер мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының қолымен бекітілген. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі аясында берілетін тегін дәрі-дәрмектер түрлі нозологиялық диспансерлік есепте тұрған науқастар саны бойынша әр бір таблетка саналып, күніне қанша рет қабылданатынына дейін көрсетіліп, «ИСЛО» порталы арқылы тегін рецепт шығарылған.

Қарастырылып отырған кезеңде пациенттер алған дәрі-дәрмектердің жалпы саны (рецептер) – 50 420 дана 3 610 112 243,73 теңге.

Кәсіпорынмен қамтамасыз етілген ДЗ мен ММБ сапасы келесі критерийлер бойынша анықталады:

- мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігі (белсенді зат, дозировка, шығару формасы).
- реттеуші органдардың сәйкестік сертификаттары мен лицензияларының болуы (Өндірушілер мен жеткізушілердің құжаттары).
- жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары.

Дәрі-дәрмектердің пациенттерге берілгені, яғни рецептілерді жазып беруі, есепке алу және өткізді (босатуды) есепке алу – автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорын пациенттерге ДЗ мен ММБ беру деректері тіркелетін электрондық медициналық карталар «Даму Мед» АЖ және амбулаториялық дәрі – дәрмекпен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесі (ИСЛО) арқылы расталады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың саудалық атауына шекті бағалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген.

Кәсіпорында ДЗ мен ММБ сатып алу 3 тәсілмен жүргізілген. Атап айтқанда, тізім бойынша «СК-Фармация» ЖШС-гімен келсімшарт жасасу, «Мемлекеттік сатып алулар» Веб-порталы арқылы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 110 бұйрығы негізінде Веб-сайтта сатып алуды жариялау арқылы ДЗ мен ММБ сатып алу бойынша ашық тендерлер өткізу жүзеге асырылып келген.

Сатып алулар туралы ақпарат, сілтемелер, келісімшарттар мен

жеткізушілер туралы ақпарат Кәсіпорын Веб-сайттың жарияланған.

Күндізгі стационарға науқасты жолдау қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау: емханадағы күндізгі стационарда 25 төсек (50 төсек екі ауысымда жұмыс істейді), аталған медициналық қызмет түріне мемлекеттік лицензияға қосымша рұқсат қағазы алынған. Күндізгі стационарда терапиялық, педиатриялық, гинекологиялық науқастар ем алған. Науқастар түскен күнінен бастап, «ЭРСБ» порталы арқылы тіркеліп, емдік тағайындаулар толық жүргізілген.

Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын алу қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Аталған медициналық қызмет түріне мемлекеттік лицензияға қосымша рұқсат қағазы алынған. Емхананың «РПН» порталына тіркелген науқастарға ғана, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы ашылған. Науқастың ауруын дәлелдейтін симптомдар дәрігермен амбулаториялық картаға жазылған. ДКК төрағасының рұқсатымен ашылған. Науқас медициналық тексеруден өтіп, әр 3 күн сайын дәрігердің бақылауына келіп тұраған. Барлық ашылған уақытша еңбекке жарамсыздық парақтар арнайы журналға тіркелген. Еңбекке жарамсыз науқастарға уақытша еңбекке жарамсыздық парағы ашылып, мүгедектікке шығу бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 260 бұйрығына сай 4-6 айда 088/у құжатымен медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолданған. Бұл медициналық қызмет түрлері «АИС» порталына тіркелген.

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуын талдау. Кадрлардың ауысуын талдау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, персоналды жұмысқа қабылдау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мақсатында Кәсіпорында басқару мәселелерін, оның ішінде персоналды іріктеу және т.б. реттейтін ішкі құжаттар, сонымен қатар комиссия құрамы бекітілген.

Қолданыстағы кәсіпорын бас дәрігерінің бұйрығымен бекітілген «Қызметкерлерді іздеу, жұмысқа қабылдау, тағайындау және қызметке қабылдау» қағидаларының талаптары жеке тұлғаларды Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында кәсіпорында қызметкерлерді жұмысқа қабылдау «Еңбек-KZ» республикалық порталына хабарлама беру арқылы жүргізіледі. Бос орындар туралы ақпарат «Enbek.kz» электрондық еңбек биржасының «Бос жұмыс орындары» бөлімінде орналастырылады. Аталған хабарламаға сәйкес жұмыссыздардың есебінде тұрған лауазым иелері жолдама арқылы жұмысқа тұрады.

Үміткерлерді бастапқы іріктеу кезінде үміткерлердің лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталған түйіндемелерге талдау жасалады. Содан кейін үміткердің кәсіби білімін тексеру, атап айтқанда тағайындалған комиссия құрамы аттестациялау және бөлім меңгерушілерімен әңгімелесу кезеңдерінен өтеді.

Талданатын кезеңде – 87 отырыс өткізіліп, 72 – кандидат тыңдалды.

12

Еңбек заңнамасының барлық тиісті талаптарын сақтай отырып, 126 – қызметкермен еңбек шарты жасалған.

Кәсіпорын бойынша 2024 жылдың «03» қаңтарынан 2025 жылдың «05» қаңтарына дейінгі аралықта барлығы: 126 қызметкер жұмысқа қабылданды. Оның ішінде: 34 – дәрігер, 54 – мейіргер, 38 – басқа мамандықтардың қызметкерлері жұмысқа қабылданды.

Емхананың құрылымдық бөлімшелерінде мүдделер қақтығысының болуына, емхана басшысымен жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлестестігіне, жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының жұмысының үйлесімділігіне ішкі талдау жүргізу барысында анықталған жоқ.

«Ресурсты басқару жүйесі» немесе «СҰР» порталында медициналық кадрлардың еңбек өтілімі, диплом мәліметтері, санаты, отбасы жағдайы, әскери қызметке жарамдылық (жарамсыздық) туралы мәліметтер, біліктілігін арттыру мәліметтері толық порталға енгізілген.

Кәсіпорында аталған мерзімде 146 қызметкер жұмыстан өз өтінішімен (еңбек шарты тұрақты мекенжайын ауыстыруына, отбасылық жағдайына байланысты және т.б. дәлелді себептермен бұзылды) босатылған. Кәсіпорында кадрлардың қозғалысы қалыпты жағдайда.

69 – қызметкер ротацияланды, оның ішінде 2 – қызметкер лауазымын жоғарылатып, 67 – қызметкер бірдей лауазымға ауыстырылған. 9 – қызметкерге жаза жарияланды, 24 – қызметкер көтермеленді.

Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері тараптардың келісімі бойынша және қызметкердің бастамасы бойынша болып табылады. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тарту фактілері жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру бөлімшелер басшыларының ұсынысы бойынша жүзеге асырылады.

Талданып отырған кезеңде Кәсіпорынның 163 – қызметкері оқыту және біліктігін арттыру курстарынан өтті.

Кәсіпорында 738 жеке тұлға жұмыс істейді (2025 жылғы 05 қаңтардағы жағдай бойынша), олардың кейбіреулері бір-бірімен туыс болып табылады. Бұл ретте олардың қызметі тікелей бағынышты емес. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде мүдделер қақтығысының болуына, кәсіпорын басшылығының арасында жақын туыстары, жұбайы және жекжаттарының бірлесіп жұмыс істеу фактілері жоқ. Олардың құрылтайшылар, кеңес мүшелері ретінде қатысуы, қоса атқаратын жұмысы және т.б. туралы әртүрлі жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаларға және т. б. мәліметтер алынған жоқ.

Қарастырылып отырған кезеңде Кәсіпорын қызметінің бағытына байланысты рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен қағидаларын бұза отырып, сыбайлас жемқорлық сипатын бұзу және шешім қабылдау мәселелері бойынша өтініштер түскен жоқ.

«Ресурсты басқару жүйесі» немесе «СҰР» порталында медициналық кадрлардың еңбек өтілі, диплом мәліметтері, санаты, отбасы жағдайы, әскери қызметке жарамдылық (жарамсыздық) туралы мәліметтер, біліктілігін арттыру мәліметтері толық енгізілген.

Персоналды басқару қызметінің қызметіне талдау жүргізу кезінде

барлық бұйрықтар фирмалық бланкілерде, мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңының нормаларына сәйкес дайындалды, сондай-ақ бұйрықтардың есебі мен нөмірленуі жүргізіледі.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңының 3-тарауы 10-бабы 2-тармағына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды заңды негізде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады.

Тұлға әртүрлі ақпараттық жүйелерге арналған электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттеріне ие бола алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Ішкі талдау жүргізу барысында қызметкерлердің ЭЦҚ-сын кәсіпорынның басқа мамандарына беру фактілері анықталған жоқ.

Сонымен қатар, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 273 бабына сәйкес, дербес медициналық деректер, медициналық көмекке жүгіну фактісі, адам денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат және оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер медицина қызметкері құпиясын құрайды. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайлардан басқа кезде, медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді оқу, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде бұлар өзіне белгілі болған адамдардың жария етуіне жол берілмейді.

Емхана қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» N 370-II Заңының 3-тарауы 10-бабы 2-тармағы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 273 бабы бойынша түсіндірме жұмыстары, атап айтқанда медициналық қызметкердің құпия ақпаратты жария етпеу, сонымен қатар ЭЦҚ басқа тұлғаларға бермеу жөніндегі міндеттемелері, жауапкершілігі түсіндіріліп, қызметкерлер келсімге (міндеттемеге) қол қойған.

Қаржыландыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануы бойынша талдау.

2024 жылы жалпы қаржыландыру – 3 480 301,5 мың теңге, оның ішінде АПП – 2 848 247,0 мың теңге, күндізгі стационар – 148 956,3 мың теңге. Жергілікті бюджеттен: 039-015-159 бағдарлама бойынша – 461 737,5 мың теңгені (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын тұлғаларға медициналық көмек көрсету бойынша) құраған. Ақылы медициналық қызметтер – 21360,7 мың теңге құраған.

Медициналық жабдықпен қамтамасыз ету – 97,7 %, медициналық жабдықтың тозуы – 37,0 %. Дебиторлық берешек жоқ.

Қаржыландыру қызметі бойынша емхана қызметін реттейтін заңнамадағы сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

2024 жылғы кірістер мен шығыстар бойынша деректер емхананың

Веб - сайтында орналастырылған.

2024 жылғы 03 қаңтар – 2025 жылғы 05 қаңтар аралығында мемлекеттік сатып алулар бөлімі бойынша:

Жалпы сомасы – 402146603,33 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу өткізілді. Оның ішінде: баға ұсыныстарын сұрату – 118996967,50 мың теңге; бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы – 78714122,46 мың теңге; ашық конкурс – 0; электрондық дүкен – 121735439,90 мың теңге; өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 68478454,96 мың теңге; тауар биржалары арқылы – 0 мың теңге, конкурстың екінші кезеңі негіздемелік келісімді пайдалана отырып сатып алу – 14221618,51 мың теңге. 250 (екі жүз елу) – шарт жасалды.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын Жарғысын, бас дәрігердің бұйрықтарын, жазбаша және ауызша өкімдерін басшылыққа алады.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі мақсаты - тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады. Жоспарлаудың тиімділігін, кәсіпорынның үздіксіз қызметін және мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидастарын сақтай отырып, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі міндеттері:

- кәсіпорынның барлық бөлімшелерін қажетті тауарлармен, жұмыстармен, қызметтермен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі функциялары:

1. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ бекітілген даму жоспарының негізінде жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
2. Тауар, жұмыс және қызметтерді сатып алуды - Мемлекеттік сатып алулар Веб-порталында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көзделген тәсілдермен жүзеге асыру.
3. Белгіленген рәсімдерге сәйкес кәсіпорынның қоймасына тауарларды қабылдауды жүзеге асыру.
4. Жеткізушілермен (Орындаушылармен, Мердігерлермен) тауар, жұмыс және қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарттар жасасу, мемлекеттік сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыру/техникалық ерекшеліктің нақты жеткізілген тауарға сәйкестігі, мерзімдері, тауарларды қабылдау тәртібі, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару уақтылы жасалады. Бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулармен жұмысты ұйымдастыру кезіндегі тәуекелдер: 1) МС жоспарын жоспарлау/түзету кезеңінде: МС жоспарын қалыптастыру үшін құрылымдық бөлімшелерден өтінім берген кезде жоғары

бағаларды қасақана беру; 2) Кірісті бақылау кезеңінде - қоймаға келіп түскен тауарларды кіріс бақылау кезінде анықталған бұзушылық фактілерін жасыру және қабылдау бойынша көрнеу жалған құжаттар жасау; 3) жасалған Шарттар кезеңінде - жеке пайда алу не мүдделерді қолдау мақсатында шартты орындаудың мерзімдерін және өзге де талаптарын орындау деректерін жасыру болып табылады.

Мемлекеттік сатып алулармен жұмысты ұйымдастыру кезінде тәуекелдерді болдырмау: 1) Бағалардың көтерілуін болдырмау үшін Мемлекеттік сатып алулар бөлімі өткен жылғы бағаға мониторинг жүргізеді және Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 15-бабы 7-тармағының 11) тармақшасының негізінде инфляцияның мөлшерін ескере отырып, тауар бағасының мөлшерін МС жоспарына енгізеді. 2) Комиссия тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдауды кәсіпорын нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырады. Комиссия құрамына мүдделер қақтығысы жоқ материалдық жауапты тұлғалар кіреді және қабылдаушыларға саны, сапасы және жинақтылығы бойынша бөлінеді. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау/қабылдау туралы шешімге Веб-портал арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бұрыштама қойылады. 3) Мемлекеттік сатып алулар бөлімі шарттық міндеттемелердің орындау мерзімдері бойынша бақылау жүргізеді. Атап айтқанда, шарт бойынша жауапты тұлғадан, бөлімшелер мен олардың басшыларынан - Жеткізуші (Орындаушы, Мердігер) шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің аяқталғанға дейін орындағаны (орындамағандығы) туралы ақпарат алады. Жеткізуші (Орындаушы, Мердігер) шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімінің аяқталғанға дейін орындамаған жағдайда кәсіпорын заңгерін хабардар етеді және сотқа талап арызбен жүгіну үшін қажетті құжаттар мен дәлелдемелермен қамтамасыз етеді.

Заңнамаға сәйкес, мемлекеттік сатып алу саласын бақылау камералдық бақылау шеңберінде жүргізіледі. Камералдық бақылаудың негізгі мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, ал объектіге бұзушылықты өз бетінше жою құқығын беру арқылы сатып алу болып табылады. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау ықтималдығын барынша азайтады.

2024 жылдың 03 қаңтар айынан бастап 2025 жылдың 05 қаңтар аралығында сот ісі арқылы қаралған жағдайлар бойынша:

1) 20 маусым 2024 жылы Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, судья Р.К.Ясарованың төрағалық етуімен талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «ALI-AKHMET GROUP» ЖК-не қатысты өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы келтіріген талап арызы негізінде азаматтық іс қаралып, № 3115-24-00-2/1251 сот шешімі шыққан. Талап арыз қанағаттандырылған.

2) 31 шілде 2024 жылы Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, судья Г.М.Тажиеваның төрағалық етуімен талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «SilkWayEnergy» ЖШС-не қатысты өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы келтіріген талап арызы негізінде азаматтық іс қаралып, № 3115-24-00-2/1265 сот шешімі шыққан. Жауапкер 29.01.2024 жылғы № 40 және 06.02.2024 жылғы № 55 келісімшарт бойынша міндеттемесін, оған бірілген лицензияның қолданылуы Уәкілетті органмен тоқтатылғандықтан орындай алмайтынына байланысты, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылды.

3) 21 қазан 2024 жылы Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, судья Б.С.Сәрсенбиеваның төрағалық етуімен талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Бекенов» ЖК-не қатысты өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы келтіріген талап арызы негізінде азаматтық іс қаралып, №3115-24-00-2/2426 сот шешімі шыққан. Жауапкер 31.07.2024 жылғы № 185 келісімшарт бойынша міндеттемесін азаматтық іс қаралу барысында орындауына байланысты, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылды.

Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тыйымдарды бұзу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді талдау кезінде деректер анықталған жоқ:

- тікелей бағынышты жақын туыстар лауазымдарын атқару кезіндегі үлестестіктер;
- ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына қабылдауды жүзеге асыру.

Сондай-ақ, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жақсарту бойынша тиімді кері байланыс жүйесін құру мақсатында Кәсіпорын халықпен өзара іс-қимыл жасайды:

– Кәсіпорын басшылығы күн сайын азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

– өтініштер (ұсыныс, өтініш және шағым) «eOtinish» Веб-порталы, Кәсіпорынның веб-сайты, әлеуметтік желілері, ресми электрондық пошта, «Whatsapp» мессенджері арқылы және т.б. қабылданады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптарда олардың шешімге шағым жасау құқықтары туралы түсіндірмелер берілген.

Сонымен қатар, сенім телефоны, анықтама телефондары да бар. Сыбайлас жемқорлық заңнамасының бұзылуы туралы ұсыныстар мен шағымдар үшін жұмыс істейтін Веб-сайтта комплаенс қызметкерінің телефоны жарияланған.

Кәсіпорынның қызметі туралы ақпарат Веб-сайтта және әлеуметтік

17

желілерде уақытылы жаңартылып отырады. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бойынша үнемі жұмыс жасалуда. Осылайша, қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Тәуекелдерді басқару жүйесін талдау. ҚР СТ 3049-2017 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі». Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық материалдық құндылықтарды (қаржылық немесе қаржылық емес) қолданыстағы заңнаманы бұза отырып, тікелей немесе делдалдар арқылы және орналасқан жеріне қарамастан, осы тұлғаның қызмет көрсеткіштерімен мәселелерді шешу үшін ұқсас түрде әрекет ететін немесе керісінше әрекет етпейтін адамды көтермелеу немесе марапаттау түрінде ұсыну, уәде беру, беру-қабылдау немесе сұрау.

Сыбайлас жемқорлық - кең таралған құбылыс. Бұл елеулі моральдық, экономикалық және саяси мәселелерді тудырады, дұрыс басқаруға тосқауыл болады, дамуға кедергі келтіреді және бәсекелестікті бұзады. Сондай-ақ, ол әділеттілікті, адам құқығын бұзады және мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге кедергі келтіреді. Бұл құбылыс бизнесті жүргізу шығындарын арттырады, коммерциялық қатынастарға белгісіздік енгізеді, тауарлар мен қызметтердің құнын арттырады, олардың сапасын төмендетеді, бұл мүлік пен өмірдің жоғалуына әкелуі мүмкін, институттарға деген сенімді бұзады және нарықтағы адал және тиімді қызметке кедергі келтіреді.

Үкімет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық коммерциялық мәмілелерін жасау кезінде шетелдік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға қарсы күрес туралы Конвенция, БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы, сондай-ақ өздерінің ұлттық заңдарын қабылдау сияқты халықаралық келісімдер арқылы прогреске қол жеткізді. Көптеген юрисдикцияларда сыбайлас жемқорлыққа қатысу белгілі бір адам үшін қылмыс болып табылады және адамдар сияқты сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті мойнына алатын ұйымдар мен ұйымдардың өсіп келе жатқан тенденциясы бар.

3. Қорытынды бөлім.

Тұтастай алғанда, талданып отырған кезеңде мүдделер қақтығысы, Мемлекеттік сатып алулар бөлімі қызметкерлерінің жоғары басшылықпен үлестестігі фактілері анықталған жоқ, сондай-ақ қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға, нормативтік құқықтық актілерді өз еркімен түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар жасауға ықпал ететін ережелер белгіленбеген. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы белгіленбеген. Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің қызметі ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының, кәсіпорынның ішкі құжаттамасының рәсімдеріне бағынады, сонымен қатар Мемлекеттік сатып алулар бөлімі қызметкерлерінің ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын білуі контрагенттермен өзара

қарым- қатынас кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырмайды.

Сонымен қатар, кәсіпорында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына, кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына және Әдеп кодексіне сәйкес кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға, сондай-ақ кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі.

Кәсіпорын сайтында, әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы фото және бейне материалдар орналастырылған. Азаматтарды қабылдау кестесі туралы ақпарат, сенім телефоны сайтта, стендте және ресми БАҚ-та орналастырылған. Қоғамдық жерде орналасқан «Шағымдар мен ұсыныстар үшін» жәшігі тұрақты негізде жұмыс істейді. Кәсіпорын сайтында «Сұрақ – жауап» бөлімдері жұмыс істейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсынымдар:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және еңбек заңнамасын сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.
2. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, белгіленген мерзімде мониторингті жүзеге асыру және іс-шараларды бақылау.



Бас дәрігер

Д.Сарсенова

«16» мамыр 2025г.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Бас дәрігердің медицина бөлімі жөніндегі орынбасары

П.Маханова

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары

Г.Тулепбергенова

Бас дәрігердің экономикалық мәселе және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары

П.Саршаева

Бас бухгалтер

А.Абеатарова

Бас дәрігердің медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары

Н.Мурзакасымова

Бас дәрігердің мейіргер ісі жөніндегі орынбасары

Е.Москаленко

Персоналды басқару бөлімінің
басшысы

СЗ-

З.Сапарбекова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс қызметкері

[Signature]

А.Тортаева



Барлығы 19 (он тоғыз)

салдармен жазумен

парақта нөмірленіп, тігіліп және мөрмен
бекітілген.

